# "Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Стратегиялық объектілер жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 қарашадағы № 1125 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 178 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1173 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2015 N 1173 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан Стратегиялық объектілер жөнінде комиссия құру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 карашадағы № 1125 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Стратегиялық объектілер жөніндегі комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Сағынтаев Бақытжан Әбдірұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі, төраға

Құсайынов Марат Әпсеметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі, төрағаның орынбасары

Шаяхметов Саят Болатұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

Тұрғымбаев Ерлан Заманбекұлы - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары;

мына:

«Шварцкопф Илона Альбертовна - Қазақстан Республикасының Экономикалық даму және сауда министрлігі Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаментінің директоры, хатшы,»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Шварцкопф Илона Альбертовна - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі

Мемлекеттік активтерді басқару саясаты департаментінің директоры, хатшы»;

көрсетілген құрамнан Қырымбек Елеуұлы Көшербаев, Абай Мұқашұлы Ескендіров, Махметғали Нұрғалиұлы Сарыбеков, Қайрат Сағатханұлы Тыныбеков шығарылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы стратегиялық объектілер жөніндегі комиссия туралы ережеде: 6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып табылады, ол Комиссияның қызметін ұйымдық-ақпараттық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.».

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК